



РУХАНИ  
ЖАҒЫРУ



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

### **СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

алса, тұрақты өсу мен бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етуге қосымша үлес қоса алады, яғни ұлттық экономиканың тұрақты әрі нәтижелі дамуына елеулі әсер ете алады.

Сонымен, зерттей келе айтарымыз қазақстандық отбасылық бизнесті құқықтық реттелуінің моделін қалыптастыру қажет, бұл үшін әрине шет елдердің тәжірибесін молынан зерттеген дұрыс болар.

#### **Әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар
2. Жеке және отбасылық бизнес: ХХІ ғасырдың сенімді үлгісі. Жеке және отбасылық бизнесті зерттеу - 2012, РwC. - С.4
3. «Біз отбасылық бизнестің маңыздылығын түсінеміз», Қазақстан фермерлер одағы
4. Павел Шило, «Солтүстік-Батыс Корпоративтік басқару орталығы» ЖШС президенті. Бизнесті сенімді қолға қалай беруге болады.
5. Календжян С., Волков Д. Ресейдегі отбасылық бизнесті дамыту. С.15 [http://www.iep.ru/files/text/policy/2011\\_5/kalendjan.pdf](http://www.iep.ru/files/text/policy/2011_5/kalendjan.pdf)
6. Жулаева А.М. Бизнесті ұйымдастыру: нұсқаулық. - Алматы: Қазақ университеті, 2012. - 231 с.
7. Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексі 2015жыл 29қазан №375-V ҚРЗ
8. Германия Федеративтік Республикасының (1897жылы қабылданып, 1900жылы 1 қаңтарда күшіне енген) Сауда Кодексі және Азаматтық Кодексі (18 тамыз, 1896жыл)

УДК 358.2.1

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТТЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ҚР ЗАҢНАМАСЫНА СӘЙКЕС ИНВЕСТИТОРЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ**

**Жүмекен Нұрлыбек Ғалымжанұлы**

Nur.95.@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Заң факультетінің 1 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: з.ғ.к., доцент Сактаганова И.С.

Қазіргі таңда, әлемдік жаһандану экономикасында, инвестициялық саясат ерекше орын алады. Елімізге инвесторларды тартудың ең басты мақсаты, озық технологияларды енгізу, экономиканы дамыту, қаржы ресурстарын көбейту. Әлемдік практикада капитал қоры мен халықтың жинақ ақшасының көп бөлігі бағалы қағаздар мен басқа да қаржы құралдары арқылы жанама түрде өндірісті инвестициялауға қатысады. Қазіргі таңда ҚР Президентінің 2015 жылға 15 ақпанында бекітілген «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының» 2 тарауы «Ағымдағы ахуалды және жаһандық үрдістерді талдау» бойынша, экономиканың шикізат емес секторларына отандық және шетелдік инвестициялар инвестициялардың жалпы көлемінен 27,7%-ға дейін ұлғайды. ЖІӨ-дегі тікелей шетелдік инвестициялардың үлесі 15,3%-ға өсті деп көрсетілген. Яғни бұл еліміздегі инвестициялық саясаттың қарқын дамып келе жатқанын көрсетеді. Бірақта, бүкіләлемдік дағдарыс уақытында, мемлекеттер арасында, инвестициялық саясат бәсекелестікке айналды деуге болады. Сондықтан, еліміздің ішкі қаржы экономикасының қарқынды өсуін қамтамасыз ету үшін, еліміздегі инвестициялық саясатты және инвесторлардың құқығын реттейтін және қорғайтын заңнамаларды дайындау, инвестицияны тарту үшін қолайлы ортаны жасауға бағытталған стратегияларды немесе концепцияларды дайындау және оны жүзеге асыру маңызды факторлар болып келеді. Осыған байланысты, «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының» 4-саясаты «Инвестицияларды белсенді тарту» мәселесі қарастырылған. Осы саясатты дамытудың 3-

міндеті бойынша Отандық және шетелдік инвестицияларды барынша белсенді тартудың маңыздылығы атап көрсетілген. Яғни 2025 жылға дейін өңірлер бөлінісінде инвесторларға арналған Инвестициялық жобалар картасы қалыптастырылады, халықаралық практикаға сәйкес әлеуетті инвесторлар үшін жобаларды «жинақтауды», қаржылық модельдер құруды, тизерлер дайындауды, data-room ұйымдастыруды қамтитын инвестициялық жобаларды сүйемелдеу функциясы енгізіледі.

Қазақстан Республикасында инвестициялық саясаттың пайда болуына әсер еткен алғаштардың бірі ол, 1990 жылы 7 желтоқсанда қабылданған «Қазақ КСР-дегі шетел инвестициясы туралы» заң. Бұл заң, біздің елімізге шетел инвесторларының келуіне және озық технологияларды, жаңа тәжірибені игеруге негізін қалады. Инвестициялық саясаттың ары қарай дамуы Қазақстан дербес мемлекет ретінде 1994 жылы 27 желтоқсанда қабылданған «Шетелдік инвестициялар туралы» заңмен байланысты болды. Бұл заң, шетелдік инвестицияларға берілген мемлекеттік кепілдіктерді нығайтты, шетелдік инвесторлармен байланысты дауларды шешу үшін негізгі ұйымдастырушылық-құқықтық нысандарын белгіледі. Елімізде минералды-шикізат ресурстарының қорларын ұлғайту мақсатында әрі сол бағытта инвестиция тарту мақсатында «Инвестициялар туралы» заң 2003 жылы, кейіннен 2005 жылы, және 2006 жылдары өзгертулер енгізіліп қосымша ынталандырушыларды жасақтауға негізгі септігін тигізді. Сонымен бірге, 2004-2005 жылдары тікелей инвестиция тарту бағдарламасы жасалды. Оған жобаларды қоса қаржыландыру мен мемлекеттік үлеске ену сияқты инвестицияны ынталандыру формалары енгізілді. Бағдарламада капитал салымшыларды ынталандыру мақсатында жеңілдіктер жүйесі қарастырылып, оған тездетілген амортизация, шығынды қайтару нормасының ұлғайтылуы сияқтылары енген. Бірақта уақыт өте келе, экономиканың басым секторларында тауар өндірісін, жұмыс пен қызмет көрсетудің жедел дамуын қамтамасыз ету үшін қолайлы инвестициялық климат жасау маңызды болды. Сондықтан, бұл заң 2015 жылы «Инвестициялар туралы» заң өз күшін жойып, 25 қазанда жаңа «ҚР Кәсіпкерлік кодексі» қабылданды. Жаңа қабылданған заңда тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың мақсаттары мен міндеттері белгіленген. Басқару процесі үшін инвестициялық жобаларды жүзеге асыруды ынталандырудың шаралар жүйесі басты мәнге ие болды. Соның ішінде, жеңілдіктер жүйесі : бекітілген инвесторлардың мүддесін қорғау бойынша ҚР-ның берген кепілдері, сондай-ақ, келісім шартқа отыру мен оны бұзудың шарттары мен тәртібі қарастырылған.

Инвестициялық қызметті бастауға дейін, инвестор үшін басты мәселелердің бірі, егер оның құқықтары бір себептермен бұзылса, инвестициялық қызметті бастағаннан кейін ол өзінің құқықтарын қалай қорғайды және кім қорғайды, қандай кепілдіктер бар екендігі басты мәселе болып тұр. Бұл ретте, ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 276 бабына сәйкес Инвестордың құқықтары мен мүдделері толық және сөзсіз ҚР Конституциясымен сондай-ақ өзге де нормативтік-құқықтық актілермен, ратификациялаған халықаралық шарттармен қорғалады. Бірақта, осы жағдайда мынадай сұрақ туындайды, инвестордың мүлкі реквизицияға ұшырайма немесе басқа заңды тұлға тартып ала ала ма?! Осы ретте, ҚР КК 279 бабы бойынша, инвестордың мүлкін тек мемлекет мұқтажы бойынша алып қоюға, ҚР заңдарында көзделген айрықша жағдайларда жол беріледі. Мемлекет меншігіне алып қойған кезде, инвесторға Қазақстан Республикасы мемлекет меншігіне алу туралы заңнамалық актілерін шығару нәтижесінде оған келтірілген залалды толық көлемде өтейді. Сонымен бірге, ҚР Кәсіпкерлік кодексі, 286 бабының 5-тармағы бойынша инвестициялық жобаны іске асырып жатқан заңды тұлғаға және 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған инвестициялық келісімшарттар бойынша инвестициялық стратегиялық жобаларды іске асыратын заңды тұлғаларға "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес Қазақстан Республикасының салық заңнамасы; 2) Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасы шетелдік жұмыс күшін тарту саласында өзгерген кезде, тұрақтылыққа кепілдік беріледі.

Осы аталған кодексте 274 бабында «Инвестициялау» «Инвестор» «Инвесторлық қызмет» «Ірі инвестор» деген ұғымдары қарастырылған. 274 бапқа сәйкес инвестор дегеніміз - инвестицияларды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар. Инвестициялау кәсіпкерлік қызмет үшін, сондай-ақ әріптестік жобасын, оның ішінде белгілі бір жобаны іске асыру үшін инвестордың салатын мүліктің барлық түрлері айтады. Инвестициялық қызмет деп - Жеке және заңды тұлғалардың коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу не кәсіпкерлік қызмет үшін, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны іске асыру үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді құру немесе ұлғайту жөніндегі қызметі. Ірі инвестор дегеніміз - айлық есептік көрсеткіштің кемінде екі миллион еселенген мөлшерінде инвестицияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға болып танылады. Сонымен бірге, ҚР КК инвесторларды шетелдік және жергілікті инвесторлар деп бөлмей айырмайды, сол себепті шетелдік және жергілікті инвесторлардың құқықтары және кепілдіктері де тең болады. (егер Қазақстан заңнамасында немесе олар ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе). ҚР Кәсіпкерлік Кодексінің ерекшелігі инвестицияларды мемлекеттік қолдауда инвестициялық преференциялар беру болып табылады, яғни жеңілдіктер қарастырылған. КК 283 бабы бойынша инвестициялық жобаны іске асыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына және инвестициялық жобаны іске асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы үшін қаржы лизингі шарты негізінде технологиялық жабдықты инвестициялық жобаны іске асыру шеңберінде импорттайтын лизингілік компанияларға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілетін атаулы сипаттағы артықшылықтар инвестициялық преференциялар болып табылады. Яғни инвестициялық жобаны асыру барысында, инвесторларға мынадай преференциялар түрлері беріледі: 1) кедендік баждар және импортқа қосылған құн салығын салудан босату; 2) мемлекеттік заттай гранттар. Бұл преференциялар, кез келген инвесторларға қарастырылмайды, жеңілдіктерді тек ірі инвесторларға, приоритеттік салада өз күшін салып жатқан инвесторларға ғана қарастырылған. Осылайша, ірі инвесторлар корпоративтік табыс салығын, жер салығын 10 жыл мерзімімен, мүлік салығыннан босатылады. Оларға құрылыс-монтаждау жұмыстарының нақты шығындарының 30%-ы өтеледі. Инвестициялық преференцияларды инвесторға беру қағидаларын ҚР Үкіметі «бір терезе» қағидаты бойынша бекітеді. Тағы инвесторларға берілетін преференциялардың бірі ол инвестициялық субсидия. ҚР КК 291 бабына сәйкес Инвестициялық субсидия дегеніміз - Республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және инвестициялық преференцияларды беруге және инвестициялық басым жобаны іске асыруға арналған өтінім берілген күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің бес миллион еселенген мөлшерінен кем емес мөлшердегі инвестициялардың жүзеге асырылуын көздейтін инвестициялық келісімшарт жасасқан Қазақстан Республикасының заңды тұлғасына өтеусіз және қайтарымсыз негізде инвестициялық преференция ретінде берілетін бюджеттік субсидияның түрі. Инвестициялық субсидия кез келген инвесторларға берілмейді, яғни ол инвестициялық басым жобаны іске асыратын инвесторға және субсидия беру үшін айқындаған басым қызмет түрлері бойынша ҚР Үкіметінің шешімі бойынша беріледі.

Инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі ұйымдастыру шаралары тоқталатын болсақ, Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі туралы» ережені айтап өтуге болады. Шетелдік инвесторлық Кеңесі – ҚР Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып есептеледі. Олардың негізгі міндетіне ҚР инвестициялық саясатын бақылау, нормативтік құқық базасын жетілдіру, шағын және орта бизнесін дамытуға шетелдік компаниялардың жәрдемдесу, шетелдік инвестицияларды тарту, ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу болып табылады. 2016 жылы 27 мамыр айында Астана қаласында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің 29-пленарлық отырысы болды.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында Инвесторлар құқығын қорғауды күшейту есебінен инвестициялық ахуалды

жақсартуға қол жеткізіміз және Инвесторлардың сенімін арттыру мақсатында инвесторлардың проблемаларын сотқа дейін шешу және шағымдарын басқару тетіктері әзірленетін болады делінген. Яғни, инвестициялық ахуалдың негізі – ол инвесторлардың құқығы ҚР Конституциясымен және құқықтық нормативті актілерімен әділ түрде қорғалуы тиіс. Бұл Қазақстан экономикасын қаржыландыру шарттарына қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары\ \ Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен БЕКІТІЛГЕН.

2. Баженов М.В.«К вопросу о формах защиты прав инвесторов в Казахстане»Баталов А. Правовое регулирование инвестиционной деятельности в Республике Казахстан Абдрасулов Е.Б Агубаева А.М «Организационно-правовые формы совершенствования защиты прав инвесторов в Республике Казахстан»

3. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы№375-ҰҚРЗ

4. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1998 жылғы 30 маусымдағы N 3985

УДК 347.4

### **ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ЭЛЕКТРОННОЙ ТОРГОВЛИ В ГРАЖДАНСКО-ПРАВОВЫХ СДЕЛКАХ.**

**Зейнелгаби Адиля Кайратовича**

Adil.inbox.kz@mail.ru

студент 2 курса специальности 5В030100 - Юриспруденция  
юридического факультета

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – доцент, к.ю.н. Бексултанова Р.Т.

Всё большее число гражданско-правовых сделок осуществляется с использованием информационно-телекоммуникационных сетей, которая предусматривает использование альтернативных бумажным методам формам методов передачи и хранения. Развитие электронных средств связи привело к тому, что все чаще юридически значимые документы, в том числе оферта и акцепт, передаются участниками предпринимательской деятельности через всемирную сеть Интернет.

Подобные операции получили название электронной торговли, которая, в силу трансграничности сети Интернет, объективно становится международной.

В настоящее время стоит вопрос о целесообразности выявления и изучения проблем гражданско-правового регулирования электронной торговли как специфического вида предпринимательской деятельности.

При осуществлении электронной торговли возникают три взаимосвязанные проблемы:

- юридическая действительность документов в электронной форме;
- доступность и сохранность информации, помещенной в электронных документах;
- аутентичность подписи на электронных документах.

Все три проблемы в конечном счете сводятся к одной проблеме — *юридической действительности электронных документов.*

По решению Генеральной Ассамблеи ООН с 1984 г. разработкой правовых основ разрешения означенных проблем занимается Комиссия по праву международной торговли